

## **Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесі бекіту туралы**

Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 303 шешімі.  
Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 қазанда № 5195 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі бақару туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабының 1-тармағының 12-3) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Қоса берілген Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже бекітілсін.

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облыстық  
мәслихатының  
39-сессиясының төрағасы  
Р. Байназарова*

*Қызылорда облыстық  
мәслихатының  
хатшысы  
А. Әлназарова*  
Қызылорда облыстық мәслихатының  
2015 жылғы 16 қыркүйектегі  
№ 303 шешімімен бекітілген

## **Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже**

### **1. Жалпы ереже**

1. Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен наградтау туралы осы Ереже " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленді және Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен наградтау тәртібін анықтайды.

### **2. Құрмет грамотасымен наградтау бойынша талаптар**

2. Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен (әрі қарай – Құрмет грамотасы) экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылым мен мәдениеттегі, білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау және заңдылықты нығайту, қызмет көрсету салаларындағы, жастарға тәрбие беру жұмыстарындағы, дене шынықтыру мен спорттағы, әскери және қоғамдық, мемлекеттік және өзін-өзі басқару қызметтерін дамытудағы елеулі жетістіктері, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты және мәдени байланысты нығайтудағы табысты жұмыстары, қайырымдылық қызметі және

облыстағы белсенді еңбегі мен қоғамдық-саяси қызметі үшін және өзге де сіңірген еңбектерін ардақтау белгісі ретінде облыс азаматтары, сондай-ақ шетел азаматтары наградталуы мүмкін.

### 3. Құрмет грамотасы:

1) үміткерді ұсыну сәтінде заңнамамен белгіленген тәртіпте соттылық мерзімі өтелмеген немесе алынбаған;

2) сот арқылы іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық іс-әрекеттері үшін жауапкершілікке тартылған;

4) үміткерді ұсыну сәтінде заңнамамен белгіленген тәртіпте әкімшілік жазасы өтелмеген немесе алынбаған азаматтар наградталмайды.

4. Құрмет грамотасымен қайта наградтау жүргізілмейді.

5. Құрмет грамотасы келесі сипаттамада болуы қажет:

1) мұқабаның биіктігінің төрттен біріндей деңгейде ортасына қарай Қазақстан Республикасының Елтаңбасы орналасқан;

2) ортадан сәл төменірек: "Құрмет грамотасы" - деген сөз жазылған;

3) оның бірінші бетінде Елтаңба салынған, ал ішкі беттері алтын түстес ұлттық өрнекпен бейнеленген;

4) ішкі бетіндегі жазулар қазақ және орыс тілдерінде жазылады.

### 3. Құрмет грамотасымен наградтау тәртібі

6. Құрмет грамотасымен наградтау туралы ұсыным облыс әкімдігіне ұсынылады және онда ұсынылушының тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, айы, жылы, білімі туралы, жұмыс орны мен атқаратын қызметі туралы мәліметтер, саладағы және тиісті ұйымдағы сәйкес кәсібі немесе лауазымы бойынша жалпы еңбек стажы, еңбек жолы мен жетістіктері туралы, наградтары мен құрметті атақтары туралы мәліметтер көрсетіледі.

7. Құрмет грамотасымен наградтау туралы ұсынымды еңбек, шығармашылық ұжымдары, қалалық, аудандық өкілді және атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер атынан олардың басшылары енгізеді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 29.03.2024 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

8. Құрмет грамотасымен наградтау туралы өз кандидатураларын өз бетімен ұсынған азаматтардан келіп түскен материалдар қаралмайды.

9. Құрмет грамотасымен наградтау бойынша келіп түскен құжаттар алдын ала қарау және наградтау жөнінде ұсыныс әзірленуі үшін наградтау жөніндегі облыс әкімі жанындағы комиссияға (бұдан әрі - Комиссия) жіберіледі.

Комиссияның оң қорытындысына сәйкес облыс әкімі мен облыстық мәслихат төрағасының (немесе олардың міндеттерін атқарушының) бірлескен өкім қабылдау арқылы Құрмет грамотасымен наградтау туралы шешім қабылданады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 29.03.2024 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. Құрмет грамотасын тапсыру салтанатты түрде жүргізіледі. Құрмет грамотасын облыс әкімі немесе облыстық мәслихат төрағасы немесе олардың тапсырысы бойынша өзге тұлға тапсырады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 29.03.2024 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. Құрмет грамотасымен наградтауға байланысты құжаттамалық және өзге де қамтамасыз ету шаралары мен наградталған тұлғалардың есебін "Қызылорда облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі жүргізеді.